

18 маусым – медицина қызметкерлері күні  
18 июнь – День медицинского работника



### Аудан әкімі Нұрлан СЕЙІЛОВТЫҢ құттықтауы

Құрметті медицина қызметкерлері, сала ардагерлері!

Сіздерді келе жатқан кәсіби мерекелеріңіз – медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – адам жанын жүрегімен сезінетін денсаулық сақтау саласының барлық қызметкерлерінің ерен еңбегі бағаланатын күн.

Сіздердің еңбектеріңіздің өлшемі – өмірмен қайта табысқан адамдардың тағдырымен байланысты. Дәрігер – адам жанының арасасы, жер бетіндегі сан алуан кәсіптің ішіндегі ең ізгі, ең қастерлі мамандықтың иесі. Ал, оның иесі болу – үлкен мәртебе.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында елдегі жаңа кезеңде ғылым кадрларын даярлау үшін лайықты жағдай жасалу қажеттігін айта келе 2025 жылға дейін білім саласына бөлінетін қаржыны 6 есеге, ал, ғылымға 7 есеге дейін өсіруді тапсырды.

Медицина қызметкерлерінің күні – денсаулық сақтау саласында қызмет жасайтындардың ғана мерекесі емес, бұл – бүкілхалықтық мейрам. Өйткені, әр адам үшін оның денсаулығы мен өмірінен артық құндылық жоқ.

«Тәні саудың – жаны сау»

деген халқымызда дана сөз бар. Сондықтан бүгінгі таңда аурудың алдын алу біз үшін өте өзекті болып қала бермек. Келешек ұрпақтың жарқын болашағының кепілі болып табылатын денсаулық мәселесін жетілдіру – біздің негізгі парызымыз болып табылады.

Әрдайым адамзат баласы тағдырын сеніп тапсыратын мамандықтарыңызды абыроймен атқарып, халық сеніміне ие болып жүре беріңіздер.

Ел мүддесі жолындағы қиындығы мен қуанышы мол еңбектеріңізге табыс, отбастарыңызға амандық тілеймін. Тәуелсіз еліміздің іргесі берік, мерейі үстем болсын!

### УВАЖАЕМЫЕ РАБОТНИКИ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ!

Ежегодно в Казахстане отмечают День медицинского работника. Эта важная профессия пользуется особым почетом и уважением. Специалисты разных уровней своевременно оказывают медицинскую помощь в районном центре и в отдаленных селах. Продолжайте дарить людям радость жизни, возвращая им здоровье, оставайтесь такими же милосердными и отзывчивыми людьми. Желаю больше благодарных пациентов и меньше собственных проблем, а ваши нескончаемые доброта и сочувствие пусть будут вознаграждены! От всей души поздравляю с

Днем медицинского работника! Желаю не только заботиться о здоровье окружающих, но и беречь свое. Пусть жизнь одарит вас счастливыми моментами и приятными воспоминаниями, пониманием и благодарностью людей. Успехов в вашем деле и хорошего настроения.

Желаю, чтобы ваши надежды и мечты сбывались. Чтобы радость от занятия любимым делом приносила вдохновение и стимул. Чтобы каждый рабочий день был шагом в сторону профессионального роста и развития. Будьте счастливы, здоровы и успешны!

Мейрам ҚОЖАХМЕТ,  
председатель районного маслихата.

## МЕКТЕП ҒИМАРАТЫНДА ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР

Елді мекендегі ағайынның тыныс-тіршілігіне талдау жасап, халықпен ашық жүздесіп, тұрғындардың көкейіндегі ұсыныс-тілектерін тыңдау үшін аудан әкімі Нұрлан Сейілов ауылдық округтердегі есепті кездесулері барысында алдымен ондағы мекеме, кәсіпорындарына аялдап, жағдайымен танысты. Соның бірі – Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектеп ғимаратына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысы.



Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектеп ғимаратына көптен күткен жөндеу жұмыстары басталды. Білім ордасының шатырын жаңғырту жұмыстары басталып кетті.

Ауыл мектебін жөндеуге ауыл тұрғындары тартылған. Старый Колутон ауылы үшін бұл еке қуаныш болды. Бір жағынан көптеген жылдар бойы жөндеу көрмеген білім ордасы жөнделсе, екіншіден ауыл тұрғындары жұмыспен қамтылды.

Мердігер мекеме «ГрадСтрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілі, әрі бригадирі Шарақұл Сақыповтың айтуынша, жұмыс осы маусым айында басталып, қазіргі уақытта монтаждау

жұмыстары басталды. Сондай-ақ, терезе орнатылып, мектептің сыртқы беті қапталатынын және төбесі жөнделетінін, нысанды уақытында тапсыратынын жеткізді.

Ғимаратты аралау барысында аудан әкімі Нұрлан Қазезұлы оның сапасына көңіл бөліп, мердігерге білім күніне дейін тиянақты бітіруді тапсырды.

Ауылдық округтерді дамыту бойынша атқарылып жатқан игі істер мұнымен аяқталмақ емес. Алға қойған мақсат айқын жүзеге асырар бастамалар да ауқымды. Ендігі кезекте елді мекендердің түйіткілді мәселесін шешу жоспарлануда.

Материалдарды дайындаған Арман ЖАПАРОВ.

## АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕ «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Кәсіп ашқысы келетін ауыл тұрғындарына жағымды жаңалық. «АМАНАТ» партиясы Үкіметпен бірлесіп, «Ауыл аманаты» атты жобаны іске қосты. Бұл – мемлекет басшысының «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында қолға алынған бастама. Қазір жер-жерде ақпараттық-насихаттау жұмыстарын жүргізуде. Арнайы топ ауданымызда болды.



Олардың қатарында Ақмола облысы ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Хасым Итқусов, «KOKSHE ӘКК» АҚ өкілі Дина Ахметжанова, «Atameken Aqmol» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Арман Оспанов.

«KOKSHE» ӘКК» АҚ ауыл халқының табысын арттыру бойынша «Ауыл Аманаты» жобасы шеңберінде құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады. Ақмола облысының осы жобасын іске асыруға республикалық бюджеттен 1 млрд. 200 млн. теңге бөлінді.

Қасым-Жомарт Тоқаев та Қазақстан халқына Жолдауында ауыл кооперация-

сы аграрлық саланы дамытуға жол ашатынын айтқан болатын.

«Біз осындай пилоттық жобаны жүзеге асырдық. Оған қатысқан ауыл шаруашылығы кооперативтерінің егіні екі есе артық өнім берген. Ал мал басы шамамен 25 пайызға көбейген. Әр өңірдің ерекшелігін ескере отырып, оң тәжірибені бүкіл елге біртіндеп тарату қажет», – деген болатын Президент өз Жолдауында.

Жалпы мақсаты – ауыл тұрғындарына осы жобаның артықшылықтарын түсіндіру. Жобаның тағы бір мақсаты – кез келген тәсілдермен халықтың табысын арттыру. Оның ішіне халықты кәсіпкерлікке тарту, сол арқылы жаңа жұмыс орындарын құру, халықтың өндіріп отырған өнімдерін сату кіреді.

## ФОТОРЕПОРТАЖ

## ТОО «БЕТЕГЕ-У» - 20 ЛЕТ ПУТИ К УСПЕХУ

**20 лет – это дата подтверждающая рост, состоятельность и стабильность ТОО «Бетеге-У». За 20 лет предприятие росло и расширялось. За эти годы предприятие прошло путь становления, стремительно развития, обновления и модернизации. Благодаря накопленному многолетнему опыту работы, уникальным технологиям, грамотному управлению, сплоченному коллективу, предприятие и сегодня успешно поставляет свою продукцию стране. История организации ТОО «Бетеге-У» началась в 2003 году.**



Экажеву, ТОО «Фермер-2017» В.А. Пельцеру, ТОО «Достык-06» М.С. Сагимбаеву, ТОО «Гранит» В.И. Ком, ТОО «Шиликты» Ж.М. Сеиловой, ТОО «Кайнар-Агро-11» В.Ю. Паскаледи, ТОО «Камышенка» Д.К. Ильдебаяеву, ТОО «Оксановка» Л.Н. Кулаковой, СХП «Нива» Д.Ж. Жумальдинову, ТОО «Азамат 2030»

А.С. Усенову, ТОО «Абол Астык» О.Б. Уразалинову, ТОО «Фирма Амаз-Агро» Д.Р. Сагнаеву, ТОО «Ордабасы Нан» Сапарамбетову Б.Ж., ТОО «Астра 2010» С.В. Шарга, руководителям крестьянских хозяйств «Ержан», «Саяхат», «Касеева», за многолетнее сотрудничество. Ведь такой успех дорогого стоит.

Выстоять в условиях растущей конкуренции сегодня, сохранить всех своих потребителей и еще приобрести новых - это и есть основной стимул к развитию и процветанию предприятия.

В данный момент на предприятии работают 70 человек, 12 из которых трудятся здесь с самого начала обра-

зования предприятия, т.е. 20 лет. Это директор предприятия - С.Н. Коломоец, Л. М. Артемьева - начальник ПТЛ, С.И. Бардзиха - старший оператор ГСМ, Ж.М. Есильбаев - водитель, Ф.В. Рябоконеv - гл энергетик, О.Я. Бирюков - сушильный мастер, Е. А. Исабеков - электрик, А. В. Калашников - сварщик, операторы - Ю. Н. Остапчук и Ж. Сайранбек, В. Н. Филиппович - транспортёрщик, М. П. Янченко - оператор ГСМ.

Более 35 человек работают на предприятии более 15 лет. Среди них:

Г. А. Бондаренко - гл бухгалтер, Б.Т. Серикбаев - водитель, Р. К. Халел - водитель фронтального погрузчика, Н. В. Белоус - кочегар, В. Н. Гейбрехт - сушильный мастер, А. Б. Гарбуз - машинист тепловоза, Н. Н. Клопова - ст. лаборант, А. И. Сахарчук - оператор ГСМ.

Также хочется отметить и тех, кто стоял у самых истоков организации предприятия, а сейчас уже вышли на заслуженный отдых. Но, тем не менее, по мере возможности оказывают помощь, контролируют и обучают молодых специалистов. Это Л.И. Бакав, Н.В. Ганиева, И.В. Григорьев, В.М. Свинтицкий, М.Т. Серикбаев, Н.И. Кравцова.

Есть и молодые специалисты, которые работают совсем недавно, но тоже вносят свою лепту в развитие предприятия. Это инспектор отдела кадров и секретарь Д. Тамабекова. Также можно отметить качественную работу сотрудников ТОО «Жалтыр Тас» М. Абитова, Д. Гейбрехт, Д. Бекмагамбетова, И. Кондратьева. И каждый из сотрудников по-своему важен на своем рабочем месте, качественно и ответственно выполняя свою работу.

Для сотрудников предприятия руководством предусмотрена социальная поддержка персонала. Ежегодно, до 10 человек получают санаторно-курортное лечение в санаториях Казахстана, проходят профилактические обследования. Обеспечиваются по сниженным ценам кормами для подсобного сельского хозяйства.

Большое значение на предприятии уделяется поддержке физкультуры и спорта. Ежегодно предприятие участвует в спартакиаде трудовых коллективов компании ТОО «Логос-Грейн». Для занятий физической культурой и спортом имеется фитнес зал и все необходимые тренажеры, инвентарь. ТОО «Бетеге-У» является постоянным спонсором в проведении соревнований по вольной и женской борьбе, проводимые войнами – интернационалистами. Для предприятия стало традицией проводить спартакиады



строилась нефтебаза исключительно для собственных нужд. Но так как предприятие развивалось и увеличивалось, со временем появилась возможность работать с партнерами в этом направлении тоже, благодаря возможности приемки и отправки топлива по железной дороге.

Основы успеха и развитие предприятия - это многолетний трудовой опыт руководителя, оперативность, взаимодействие и слаженная атмосфера работы всего коллектива.

На сегодняшний день ТОО «Бетеге-У» оказывает услуги по приемке, взвешиванию, сушке, подработке, отгрузке и хранению зерновых и масличных культур 72 сельхозпроизводителей Астраханского, Егиндыкольского, Буландинского районов. Производителей зерна привлекает взаимовыгодные условия сотрудничества. Поэтому у предприятия есть партнеры не только в ближайших районах области, но и далеко за их пределами. Пользуясь случаем, руководство ТОО «Бетеге-У» выражает своим искреннюю благодарность своим давним и постоянным партнерам: ТОО «AK-Hilal» М.М.Экажеву и Р.М.



трудовых коллективов, которые проходят на оборудованных предприятием спортивных площадках, на которых также может заниматься спортом и сельская молодежь. ТОО «Бетеге-У» регулярно оказывает помощь школам поселка, постоянно предоставляет автобус для выезда учащихся на спортивные соревнования, олимпиады, экскурсии. Постоянно выделяется техника для расчистки дорог в поселке в зимнее время.

В этом году предприятие отмечает свой 20-летний юбилей. Мы от всей души поздравляем руководство и сотрудников «Бетеге-У» с этой знаменательной датой и желаем дальнейшего развития и процветания. Незыблемой конкурентоспособности, надежного и успешного делового взаимодействия с партнерами, новых плодотворных сотрудничества и грандиозных проектов. Благополучия, высококлассной, добросовестной, профессиональной, коллективной работы. Покорения новых высот, новых идей и успешных событий.

Ирина ГОРБАТЕНКО.  
Фото автора.

## 18 МАУСЫМ - МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

## АНА ЖАНЫНЫҢ АРАШАШЫСЫ

Әлемде бірнеше ардақты да құрметті мамандықтар бар. Соның бірі – дәрігерлер. Оларды «ақ халатты асыл жандар, адам жанының арашашысы» деп жатамыз. Әр адам өз өмір жолында ақ халатты абзал жандармен кездесіп, олардың ыстық ықыласың, шарапатын сезінеді. Сондықтан бұл мамандық иелерін қалай атасақ та артық етпейді. Солардың бірі, 40 жылдық еңбек өтілі бар - ауданымыздың Колутон ауылының акушер-гинекологы **Ғалия Иманзадақызы Бекмадина**.



Ғалия Иманзадақызы ауданымызға қарасты Өндіріс ауылында өмірге келген. 1979 жылы Өндіріс орта мектебін үздік тәмамдап, Целинный теміржол медициналық училищесінің акушерлік бөлімшесіне оқуға түседі. Оқу орнын 1983 жылы бітіріп, аудандық емханаға акушер-гинеколог болып орналасады.

Аудандық ауруханада екі жыл қызмет етіп, отау құрып 1985 жылы ауданымыздың Колутон ауылының акушер-гинекологы болып ауысады.

Дәрігер болу – өрине қиын. Дәрігерлерге ешқашан қателесуге болмайды. Себебі, адамның денсаулығы, өмірі үшін жауаптысың. Уақытпен санаспай еңбек етесің. Ең қиын сәт ауыр халдегі науқастың жағдайына байланысты шешім шығару жауапкершілігі өзіңе жүктелген сәт. Ондай сәтте бүкіл өмірің көз алдына елестейді, жеке өмірің мүлдем есіңнен шығып кетеді,

бар ойың науқасты қайткенде де аман алып қалу. Ал, ең қуанышты, бақытты сәт – әрбір босанатын әйелдің аман-есен босанып, сәбиін құшағына алып қуанғанын көрген сәт.

Өмір сүре келе көп нәрсені көңілге түйесің. Күнделікті қаншама әйел-ана келіп көмегімізге жүгінеді.



Әрқайсысының өмірі, тағдыры әртүрлі. Сондықтан барлығымен тығыз қарым-қатынаста болу керек. Дәрігер алдына келген жанның төнін де, жанын да жаза білетіндей мейірімді, кішіпейіл, шарапатты болуы қажет. Әрдайым жедел көмек көрсетуге дайын болуы тиіс.

Дәрігер-гинеколог жолдасы Әділбек Бекмадин екеуі бір қыз, екі ұл тәрбиелеп өсірді. Жолдасы Әділбек Астрахан аудандық арнайы шаруашылық бірлестігінде механизатор қызметінен бас инженерге дейін көтеріліп, көп жылдар қызмет етті.

Отбасының тұңғыштары Саида есепші, екінші перзенттері Назарбек Астана қаласындағы «ҚазТрансГаз Аймақ» ұйымында директор, кенжелері Бауыржан Атбасар ауданына қарасты Мәдениет ауылындағы шаруашылықта бас агроном болып қызмет атқарады. Кенжесінен басқасы өмірден өз орындарын тауып, қазіргі таңда олардан 9 немере сүйіп отырған жандар.

40 жыл бойы әрбір анаға қолынан көмегін аямайтын ақ халатты абзал жан Ғалия Иманзадақызын төл мерекесімен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына амандық, жұмысына табыс пен абырой тілейміз.

Арман ЖАПАРОВ.

## 18 ИЮНЯ - ДЕНЬ МЕДИЦИНСКОГО РАБОТНИКА

Ежегодно каждое третье воскресенье июня в Казахстане отмечается День медицинского работника. Его празднование установлено Указом Президента Республики Казахстан в 1998 году. В этом году он выпадает на 18 июня.

В селе Каменка, вот уже много лет работают два медицинских работника. Это именно в их адрес всегда звучат слова благодарности за своевременную оказанную помощь, любовь, тепло и заботу. Им благодарны все, кому пришлось не раз обращаться за медицинской помощью. Это Дермановская Зинаида Эвальдовна и Хинцинская Людмила Васильевна.



Это очень чуткие и внимательные сотрудницы ФАПа, готовые в любое время суток оказать помощь любому, кто к ним обратился. В их обязанности входит оказание первой медицинской помощи, организовать госпитализацию

остронуждающихся пациентов и их сопровождение к месту госпитализации. Каждая из сотрудниц отдала любимой работе более сорока лет жизни. И сегодня, в преддверии профессионального праздника, хочется о каждой из них рассказать. Дермановская Зинаида Эвальдовна родилась в 1963 году в селе Каменка, Астраханского района. После окончания школы поступила в Железнодорожное медицинское училище г. Целинограда, на акушерку. В 1983 году, закончив медучилище, была направлена по распределению в Челябинскую область, станция Бердягуи.

С 1984 года работала акушером Каменского ФАПа. С 2019 года работает фельдшером Каменского медпункта. В данный момент занимает должность заведующей медицинским пунктом. Замужем, имеет троих детей и шестерых внуков.

Медицинский работник Каменского медицинского пункта Хинцинская Людмила Васильевна. Родилась в 1960

году в селе Первомайка. В 1975 году после окончания 8 классов поступила в Целиноградское медицинское училище на медсестру. По окончании училища, с 1978 года работает медсестрой в Первомайской участковой больнице. Спустя год направлена в село Каменка, где продолжает работать и по сей день. В 2016 году награждена медалью в день 25-летия независимости Казахстана. Имеет двух дочерей и четырех внуков. Стаж работы - 45 лет.

От всего сердца хочется пожелать нашим медработникам крепкого здоровья, счастья и семейного благополучия.

Соб.инф.



## КОНКУРС МЕДСЕСТЕР

В канун традиционного праздника состоялся конкурс медсестер. Его открыла старшая медсестра райбольницы, одна из старейших медработников Варвара Васильевна Гусакова.

Присутствующим представляют жюри, в которое входят А.Ф. Титков, А.М. Чернега, Л.К. Сорокина, О.В. Шель, В.В. Титкова. Это

условиях, в которых тридцать лет назад приходилось работать медикам. С большим интересом было выслушано выступление хирурга А.М. Чернеги. Благородной и нелегкой профессии он посвятил 22 года. Врач вспомнил время, когда в сложных условиях в канун приближающегося 1959 года он сделал операцию первому своему пациенту преподавателе-

## О ЧЕМ ПИСАЛА ГАЗЕТА

В промежутке конкурсной программы выступила ветеран войны и медицины пенсионерка Софья Даниловна Гойденко. Молодым медработникам она поведала о прошлых годах Великой Отечественной войны. Долгое время С.Д. Гойденко работала медсестрой на «Скорой помощи». В ее честь участница конкурса медсестра детского отделения Н. Монзольская посвятила стихотворение «Скорая помощь».

Жюри конкурса подводит итоги. Победителями стали медсестры Н. Монзольская, занявшая первое место, второе – О. Найман. Обе из детского отделения. Третье место поделили между собой Г. Кучинская, Ш. Шибентаева (инфекционное отделение) и Е. Томова (хирургическое отделение).

Победительнице, занявшей первое место, В.В. Гусакова посвящает ленту с надписью «Лучшая медсестра 1980 года», остальным участницам, занявшим призовые места, вручаются ценные подарки. Каждая из них получает диплом «Лучший по профессии». Приглашенным преподносят цветы.

Л. ТОКАРЕВА.

На снимке: победители конкурса Н. Монзольская, О. Найман, Г. Кучинская, Ш. Шибентаева и Е. Томова после вручения награды.

Фото Р. Каленского.

Материал из районной газеты «Маяк коммунизма» от 14 июня 1980 года № 72 подготовила архивист районного архива Е. Лесневская.



опытные врачи, отдавшие любимой профессии немало лет.

За право занять три призовых места вступают в борьбу 16 медицинских сестер райполиклиники, терапевтического, хирургического, родильного и инфекционного отделений райбольницы. Они должны проявить находчивость, знание своего дела, мастерство, чтобы набрать наибольшее количество очков.

Пока каждая участница готовит свое задание, слово взяла ветеран медицины, ныне пенсионерка, но по-прежнему продолжает трудиться лаборантом, Мария Леонтьевна Мешкова. Она рассказывает о тех тяжелых и сложнейших

лю И.И. Дубовенко. Ему помогала тогда операционная медсестра детского отделения В.В. Гусакова. Им участница конкурса медицинская сестра детского отделения О. Найман прочла стихотворение украинского поэта С. Головановского «Операция».

Между тем, борьба медсестер идет напряженная, ведь победительнице, занявшей первое место, райком профсоюза предоставит бесплатную туристическую путевку. Кто же окажется лучшей медицинской сестрой 1980 года? Отличное знание своей профессии продемонстрировали уже медицинские сестры детского и инфекционного отделений.

## С ПРАЗДНИКОМ МЕДРАБОТНИКА

Я, Толокольникова Мария Ивановна, пенсионерка, ветеран труда, награждена подвеськой «Кумис Алка», проживаю в поселке Жалтыр. За свою проживающую жизнь, по состоянию здоровья я обращаюсь в Жалтырскую участковую больницу, где работал главврачом Курманов Елюбай Садыкович. В настоящее время должность главврача СУБ занимает Муканова Гульбагдай Кайратовна. По состоянию здоровья мне пришлось обращаться к ней. Я много лет стою на учёте по артериальной гипертензии и здесь же получаю ежемесячно препараты.

Нам пишут...



я увидела белый свет.

Хочу поблагодарить руководителя центра микрохирургии глаза Кульбока Сергея Александровича за золотые руки, которые вернули зрение множеству своих пациентов. На операцию меня возли на коляске, а с операцией в палату я шла сама - уже видела. Также я благодарна медработникам и медсестрам Бержановой Айгуль Шалкеновне, Сейткозиной Бахыт Мейрамовне, Журавлевой Елене Геннадьевне. Водителю «скорой» Садуакасову Алтынбеку Каирбековичу. Самое страшное было для меня потерять зрение. Я не видела кто меня возил на анализы, кто возил меня на «скорой».

В преддверии праздника дня медицинского работника хочу выразить огромную благодарность работникам Жалтырской врачебной амбулатории за их нелегкий и самоотверженный труд.

Также хочу поздравить главного врача Астраханской ЦРБ Курманова Елюбая Садыковича, врача Арбиеву Маргариту Ростиславовну, работников Астраханской СЭС, Муканову Гульбагдай Кайратовну.

Спасибо вам за вашу чуткость и внимание.

С уважением, пенсионерка Толокольникова Мария Ивановна.

## КАМЕНКА АУЫЛЫНДА ЖОЛ ЖӨНДЕЛУДЕ

Каменка ауылының тұрғындары үшін жол жөндеу ең өзекті мәселелердің бірі болып келген. Қазіргі таңда Каменка ауылында жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ағымдағы жылға Каменка ауылына 1,8 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізу жоспарланған.

риза. Жалпы биыл ауданға қарасты селолық округ жолдарына ерекше мән беріліп отыр. Мәселен, Колутон, Зеленое, Новый Колутон



Мердігер ұйым «EMAR company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жұмыстар бекітілген кестеге сай жүргізілуде. Қазіргі таңда мердігер мекеме арнайы техникаларын алып келіп, жолды қырып, тазартып, қиыршық тас тасып жатыр.

Серіктестіктің айтуынша, жол жөндеу жұмыстары жақын арада аяқталып, ауылдықтар игілігіне беріледі. Бүгінгі таңда жол құрылысы қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. Жол бойында техникалар мен құрылысшылар

тынымсыз тер төгуде. Жұмыстың 80 пайызы ауыр болғандықтан, барлық істерді техникамен еңсерудеміз. Ал қолмен атқарылатын жол шетіндегі жолақты толығымен орнатады. 1,8 шақырым жол құрылысын аяқтап, қолданысқа беріп үлгереміз. Алдағы уақытта ауа-райы кері әсерін тигізбесе, үстіміздегі жылға жоспарланған жұмысты уақытындқ аяқтаймыз деген ойда.

Жолдары жаңарып жатқанына ауылдықтар да дән

елді мекендерінде асфальт төселеді.

Жалпы алғанда, ауданда атқарылып жатқан жұмыстар көп. Әр ауыл-аймақтарда қарапайым халық үшін жасалып жатқан істер көз қуантады. Автокөлік жолдарын жөндеу, алдыменен темір тұлпар тізгіндеген тұрғындарға қолайлы болатыны сөзсіз. Осындай жағымды жаңалықтар мен игі бастамалар көп болса, ауданымыздың әлеуеті артатындығына сеніміміз мол.

Арман ЖАПАРОВ.

## ТАРИХИ АТАУЛАР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі Ақмола облысындағы ономастика саласындағы көптеген игі бастамаларға қолдау білдіріп, осы музейдің ғылыми қызметкерлерінің архивтерде ізденіс жұмыстарын жүргізу арқылы Ақмола облысының байырғы жер-су атауларын мұрағаттық құжаттар негізінде ғылыми сараптамадан өткізген құнды деректерін, карталарды ұсынды. Бұл деректер идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларды өзгерту кезінде біз үшін құнды материал негіздеме бола алады.

Таволжанка. Омбы облыстық таихи архиві №198 қор, 3-тізім, 13-картадан (Карта переселенческих и запасных участков Атбасарского уезда Акмолинской области) қазіргі Астрахан ауданында бірнеше қазақ ауылдарының үстіне қоныс аударушылар келіп қоныстану барысында басқа атаумен селениелер (ауылдар) пайда болғандығын көруге болады.

Таволжанка ауылының тарихи атауы Қараоба екені жөнінде де бірнеше дерек бар. № 198 қордағы дерекпен қатар, Таволжанканың бұрынғы атауы Қараоба екендігі ОМА № 371 қор. 1-тізім, 56а-іс. 1914 жылғы «Ақмола облысы, Ақмола уезі қоныс аудару аудандарындағы елді орналасуы (бос жерге) барысы туралы мәлімдеме» атты құжатта жазылған.

Ақмолалық өлкетанушы Клара Әмірқызы «Атақоныс ақиқаты» атты өлкетану жазбасында (37,38-бет): Новочеркасское салу үшін алдымен Хопер округынан Александров болысынан шыққан 7 отбасы Саратов губерниясының Аткар оязында жиналып жатқандарға қосылады. Қазақ жеріне баратындардың барлығы 70 отбасы болады. Бұлар да жол бойы Атбасар оязына бұрылған екен. Бірақ, олар жолатпапты.

Ақмола түбіндегі Семеновка поселкесіне беттегенімен осышама халық бір жерге симаитынына көздері жеткен соң бөлініп кетеді. Содан бір тобы Қараоба жеріндегі 1890 жылы салынған Таволжанка селосына тіркеледі.

«Қараоба жеріне 1890 жылы салынған Таволжанка селосына Кубань, Орынбор, Самар, Ставрополь, Таврия, Харьков т.б. жиналған 84 отбасы – 641 адам XIX ғасырдың аяғына дейін орнығып болады. Бұл поселкені салушылар Самар губерниясының Николаев оязы, Таволжан болысынан келгендіктен селоның атын да Таволжанка қойыпты» - деп жазады.

Камышенка. Астрахан ауданы жеріндегі Камышенка ауылының бұрынғы атауы – Балықты. Бұл туралы деректер ОМА №371 қор. 1-тізім, 56а-іс. 1914 жылғы «Ақмола облысы, Ақмола уезі қоныс аудару аудандарындағы елді орналасуы (бос жерге) барысы туралы мәлімдеме» атты құжатта және К.Әмірқызының «Атақоныс ақиқаты» атты өлкетану жазбасында (39-бет) кездеседі. Яғни жазбада «Осы жылы (1899 жыл) Балықты көлін мекендеп отырған аға сұлтан Ыбрайдың тұңғышы Теңізден туған Садық қажының жеріне Саратовтан келгендер «Камышенское» деп ат қойып, қоныс салып алған» делінген.

Осы тарихи, нақты деректердің негізінде бұрынғы елді мекендердің тарихи атауларын өзіне қайтару біздің келешек ұрпақ алдындағы борышымыз деп айтсақ қателеспеген болар едік.

**К. АМРИНА,**  
Астрахан ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ХАЛЫҚТЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі әділ әлеуметтік саясат үшін негіз болады және әрбір адамның туғаннан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейінгі өмір жолының кезеңдеріне сәйкес, барлық адамда бірдей бола бермейтін қажеттіліктерден туындауы мүмкін шараларды (өмірлік киын жағдайдағы адамдар үшін әлеуметтік кепілдіктер) көрсете отырып құрылған.

**Әлеуметтік кодекстің негізгі жаңалықтары:**

1. Отбасының цифрлық картасы (қолдау проактивті форматта көрсетіледі, атап айтқанда азаматтарға әлеуметтік төлемдер мен көмек мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде бар деректер негізінде тағайындалады, ал қағаз құжаттар жүйеден кезең-кезеңімен алынып тасталатын болады);

2. Мемлекеттік қолдаудың жаңа парадигмасы (жаңа парадигмаға сәйкес мемлекеттік қолдау алдымен әлеуметтік тәуекелдердің алдын алатын атаулы іс-шара, одан кейін ғана атаулы әлеуметтік көмек ретінде қарастырылады);

3. Әлеуметтік қызмет көрсетуді толық трансформациялау (мүгедектігі бар азаматтардың арнаулы әлеуметтік қызметтерге деген қолжетімділігін мемлекеттік емес ұйымдар, жеке сектор және отбасы мүшелерін тарту арқылы арттыру);

4. Азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіндегі өзгерістер (алдағы 5 жылда базалық зейнетақы мөлшерін кезең-кезеңімен көбейту);

5. Жұмыспен қамту саласындағы өзгерістер (икемді жұмыспен қамтудың барлық түрін тану; жұмыс күшінің дағдыларын арттыру; жұмыспен қамтудың цифрлық орталықтары).

Осылайша, Әлеуметтік кодекс азаматтардың өздерінің әлеуметтік құқықтары мен міндеттері туралы бірыңғай білім көзі болып табылады, сондай-ақ халықтың әлеуметтік әл-ауқатына автоматтандырылған мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Кодексте қазіргі кездегі әлеуметтік қолдаудың барлық әлеуметтік кепілдіктері мен нысандарының, оның ішінде азаматтарды зейнетақылармен және жәрдемақылармен, сондай-ақ «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ (бұдан әрі - Қор) тағайындалатын әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз ету сақталғанын атап өткен жөн.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі 2005 жылдан бастап әлеуметтік тәуекелдердің 6 түрлі жағдайы басталған кезде жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейі ретінде енгізілді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары жұмыс берушілер

жұмыскерлері үшін, сондай-ақ дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдар өздері үшін төлейтін ең төменгі жалақының кемінде бір және жеті еселенген мөлшерінен аспайтын кірістің 3,5% мөлшерінде әлеуметтік аударымдар есебінен қалыптастырылады.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналары сияқты қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, жұмыс берушілердің қаражаты есебінен төленеді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру ынтымақтастық принципіне негізделген, өйткені әлеуметтік аударымдар барлық жұмыс істейтін азаматтар үшін төленеді, ал төлемдерді тек әлеуметтік тәуекел туындаған адамдар ғана ала алады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында Ақмола облысы бойынша Қорға 5,2 млрд. теңге сомасына 200 807 адам үшін әлеуметтік аударымдар түсті, ал Қордан әлеуметтік төлемдерді 4,9 млрд. теңге сомасына 21 562 адам алды.

Қордан еңбекке қабілеттілігін айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлем мүгедектігі бойынша бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға медициналық-әлеуметтік сараптама жалпы еңбекке қабілеттілігін айырылу дәрежесін 30%-дан 100%-ға дейін белгілеген күннен бастап оның бүкіл кезеңіне еңбек қызметін жалғастыруына қарамастан жүргізіледі.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жылда Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріске, сондай-ақ еңбекке қабілеттілігін айырылу дәрежесінің, жүйеге қатысу өтілінің және кірісті алмастыру коэффициенттеріне байланысты болады.

2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында Қордан аталған төлемді біздің облыс бойынша 450,2 млн. теңге сомасына 3 980 адам алды.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап мүгедектігі бар адамдарға берілетін жәрдемақылар мен төлемдер 14,5%-ға арттырылады және бұл төлемдердің а.ж. 1 қаңтарынан бастап 8,5%-ға өсуін ескере отырып, жәрдемақылар мен төлемдердің жылдық мөңдегі өсуі 23% құрайды.

Қордан асыраушысынан айырылуы жағдайына төленетін әлеуметтік төлем асыраушысынан айырылуы бойынша бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Төлемге құқық қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушысының асырауындағы отбасы мүшелеріне асыраушы қайтыс болған күннен бастап туындайды. Төлем асырауындағы адам 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу нысаны бойынша оқуды



жалғастырылған жағдайда 23 жасқа дейін жүзеге асырылады.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жыл ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген қайтыс болған асыраушының кірісіне, сондай-ақ кірісті алмастыру, асырауындағы адамдар санының және жүйеге қатысу өтілінің коэффициенттеріне байланысты болады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында Ақмола облысы бойынша Қордан аталған төлемді 317,5 млн. теңге сомасына асыраушысынан айырылған 2 896 отбасы алды.

2023 жылғы 1-шілдеден бастап асыраушысынан айырылған отбасыларға берілетін жәрдемақылар мен төлемдер 14,5%-ға артады, бұл төлемдердің а.ж. 1-қаңтарынан 8,5%-ға өсуін ескере отырып, жәрдемақылар мен төлемдердің жылдық мөңдегі өсуі 23% құрайды.

Әлеуметтік тәуекел туындаған кезде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы, оның ішінде оның отбасы мүшелері, асыраушы қайтыс болған жағдайда базалық жәрдемақылар мен Қордан төлемдер алатынын ескерсек, оның әлеуметтік қорғалуы жұмыс істемейтін адамға қарағанда жоғары болады.

Қордан жұмысынан айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушысы халықты жұмыспен қамту туралы заңнамаға сәйкес жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап тағайындалады.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жыл ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген жүйеге қатысушының кірісіне, табысты алмастыру (45% немесе 0,45) және жүйеге қатысу өтілінің коэффициенттеріне байланысты болады.

Төлем жүйеге қатысу өтіліне байланысты 1 айдан 6 айға дейін жүзеге асырылады.

2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында Қордан аталған төлемді біздің облыс бойынша 203,2 млн. теңге сомасына 1 529 адам алды.

Қордан жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға бай-

ланысты кірісінен айырылу жағдайларына төленетін әлеуметтік төлем еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақта көрсетілген жүктілігі және босануы бойынша демалыс күнінен бастап тағайындалады. Төлем еңбекке уақытша жарамсыздық парағының барлық кезеңіне жүзеге асырылады.

Біржолғы әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 12 айда әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріске және еңбекке жарамсыздық күндерінің санына байланысты болады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында Ақмола облысы бойынша 2 654 алушыға аталған төлем шамамен 2 млрд. теңге сомасына жүзеге асырылды.

Қордан бір жарым жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлем бала туған күннен бастап бала күтімін іс жүзінде жүзеге асыратын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысына тағайындалады.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жыл ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген жүйеге қатысушының кірісіне және кірісті алмастыру коэффициентіне (40% немесе 0,4) байланысты болады.

2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында аталған төлемді біздің облыс бойынша Қордан 1,9 млрд. теңге сомасына 10 503 адам алды.

Әлеуметтік кодекс шеңберінде Қордан әлеуметтік төлемдерді тағайындау параметрлері өзгеріссіз сақталатынын атап өткен жөн.

Бұдан басқа, Әлеуметтік кодекс аясында 2023 жылдың 1-шілдеден бастап:

- жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды алып жүру бойынша қызмет көрсететін 30 мыңға жуық жеке көмекшіні міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамтуды кеңейту қарастырылған. Бұл дегеніміз, әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде жеке көмекшінің Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге құқығы болады, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан сақтандыру пакеті шеңберінде медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ зейнеткерлік жасқа жеткенде базалық зейнетақы үшін еңбек өтілі және жинақтаушы зейнетақы төлеміне құқығы болады.

Жалпы әртүрлі әлеуметтік тәуекелдерден сақтандыратын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің дамуы азаматтарды нәтижелі және формалды жұмыспен қамтуды ынталандыруды көздейді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толық ақпаратты Қордың интернет-ресурсы (tfss.kz), сондай-ақ Қордың және оның филиалдарының әлеуметтік желілеріндегі аккаунттарынан алуға болады.

## РАЗЪЯСНЕНИЕ МЕХАНИЗМА ПОДАЧИ ОБРАЩЕНИЙ В ОРГАНЫ ПРОКУРАТУРЫ



**Граждане и юридические лица могут подать обращение в прокуратуру Астраханского района:**

- В ходе личного приема руководства прокуратуры района;
- Через веб-портал «egov.kz» портал электронного правительства, путем электронного обращения через мобильное приложение либо через филиал центра обслуживания населения;
- Обращение может быть направлено в прокуратуру района посредством услуг АО «Казпочта» либо принято в здании прокуратуры района путем сдачи в канцелярию нарочно; Органы прокуратуры рассматривают обращения:
- для защиты и восстановления прав и законных интересов человека и гражданина, если он в силу физиологических особенностей, психических отклонений и иных обстоятельств не может самостоятельно осуществлять защиту своих прав, несовершеннолетних лиц, а также неограниченного круга лиц;
- для защиты и восстановления прав и законных интересов человека и гражданина, общества или государства, если защита этих интересов должным образом не обеспечивается уполномоченным органом, к компетенции которого отнесены соответствующие полно-

мочия либо в случаях отсутствия такого органа;

- для защиты и восстановления прав и законных интересов субъектов частного предпринимательства по фактам вмешательства в их деятельность со стороны государственных, местных представительных и исполнительных органов, органов местного самоуправления, учреждений, их должностных лиц, иных организаций независимо от форм собственности;
- в целях предотвращения угрозы конституционному строю и национальной безопасности Республики Казахстан;
- по фактам нарушений законности, не устранение которых влечет причинение вреда жизни и здоровью человека; Обращение подлежит обязательному приему, регистрации, учету и рассмотрению. Отказ в приеме обращения запрещается. Ответ на обращение должен быть по содержанию обоснованным и мотивированным со ссылкой на законодательство Республики Казахстан на государственном языке или языке обращения.

В случае несогласия с решением, Вы имеете право на обжалование принятого административного акта в административном (досудебном порядке) порядке в вышестоящем административном органе, должностному лицу.

**Прокуратура Астраханского района.**

## ПРОДВИЖЕНИЕ КУЛЬТУРЫ ДОБРОПОРЯДОЧНОСТИ, В ЦЕЛЯХ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ

Противодействие коррупции остается актуальным вопросом современности, так как коррупция тормозит социально-экономическое развитие, мешает полноценному построению гражданских и демократических институтов. В последнее время для противодействия этому негативному явлению государственные органы все больше внимания уделяют формированию антикоррупционной культуры в обществе, как профилактическим мерам. В свою очередь идеология добропорядочности является составной частью антикоррупционной культуры.

Продвижение идеологии добропорядочности как механизма противодействия коррупции показал свою эффективность. При этом одним из факторов, который помогает в противодействии коррупции является высокий уровень антикоррупционной культуры.

Формирование антикоррупционной культуры необходимо начинать с самого раннего детства. Важно, что антикоррупционная культура должна исходить из продвижения идеологии добропорядочности среди граждан. В связи с этим, мы говорим о том, что формирование антикоррупционной культуры в полной мере невозможно без продвижения идеологии добропорядочности как антипода негативных явлений, существующих в нашем обществе.

В Республике Казахстан вопросу формирования антикоррупционной культуры через продвижение идеологии добропорядочности уделяется большое внимание. Так, Концепцией антикоррупционной политики на 2022-2026 годы от 2 февраля 2022 года предусмотрен ряд мероприятий по повышению добропорядочности в государственном аппарате и бизнес-среде. Агентство по делам государственной службы предпринимает усилия по повышению борьбы



с коррупцией путем формирования культуры добропорядочности в обществе.

Отдел экономики и финансов Астраханского района, являясь местным уполномоченным органом по формированию и развитию экономической политики, государственного планирования, исполнения бюджета и управления коммунальной собственностью района размещает необходимую информацию на сайте акима района, Портале «Открытые бюджеты» и «Открытые НПА».

Поскольку одним из предупредительных мер коррупции является повышение правовой культуры государственных служащих в отделе регулярно проводятся беседы, на которых рассматриваются вопросы, касающиеся создания позитивного имиджа государственного служащего, отслеживаются и обсуждаются изменения в законодательстве РК, в том числе о государственной службе, в бюджетной сфере, административных правонарушениях и др. Выявляться коррупционные риски при осуществлении и реализации возложенных функций и обязанностей.

**В Отделе на постоянной основе действует телефон доверия 2-22-95, в здании размещен ящик обращений физических и юридических лиц, и их представителей, график приема граждан руководителем и заместителем руководителя отдела.**

**Т. НАПРИЕНКО, заместитель руководителя отдела.**



После презентации своего проекта и получение положительного ответа начала реализацию своего бизнес-плана. Получив меру господдержки, Елена Александровна зарегистрировала свою деятельность в качестве индивидуального предпринимателя и в данный момент реализует свой бизнес-проект, производя такую красоту. Такую красоту даже жалко применять по назначению. Здесь можно сказать связаны вместе две поговорки - «Чистота залог здоровья» и « Красота спасет мир». Все это вместе дарит покупателям приятные впечатления, радость и хорошее настроение.

Соб.инф.



## ПО ПОВЫШЕНИЮ РАЗМЕРОВ ПОСОБИЙ, НАГРАЖДЕННЫМ ПОДВЕСКАМИ «АЛТЫН АЛҚА», ПОЛУЧИВШИМ РАНЕЕ ЗВАНИЕ «МАТЬ-ГЕРОИНЯ», НАГРАЖДЕННЫМ ОРДЕНАМИ «МАТЕРИНСКАЯ СЛАВА» I И II СТЕПЕНИ

**С 1 июля 2023г. вступил в силу Социальный кодекс Республики Казахстан, в котором предусмотрены мероприятия по повышению размеров пособий, награжденным подвесками «Алтын алқа», получившим ранее звание «Мать-героиня», награжденным орденами «Материнская слава» I и II степени.**



Согласно ст.94 Социального кодекса РК с 1 июля 2023г. размер пособия данной категории лиц составит 7,40 месячного расчетного показателя, т.е. 25530 тенге. До 01.07.2023г. матерям, награжденным подвесками «Алтын алқа», получившим ранее звание «Мать-героиня», награж-

денным орденами «Материнская слава» I и II степени и подвесками «Күміс алқа» пособия выплачиваются в размере 6,40 месячного расчетного показателя (22080 тенге).

Размер пособия, награжденным подвесками «Күміс алқа», с 1

